

**"Байғанин ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2015 жылғы 2 наурыздағы № 155 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 қарашадағы № 191 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 7 желтоқсанда № 4621 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 28 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 07.07.2016 № 28 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 2 наурыздағы № 155 "Байғанин ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4246 санымен тіркелген, 2015 жылдың 2 сәуірінде аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Мәслихат хатшысы*

*Т. Мұстафа  
Б. Турлыбаев*

Аудандық мәслихаттың  
2015 жылғы 9 қарашадағы  
№ 191 шешіміне қосымша  
Аудандық мәслихаттың  
2015 жылғы 2 наурыздағы  
№ 155 шешіміне қосымша

№	Е л д і мекендердің р/ с атаулары	Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізілетін орындар
1	Қарауылкелді ауылы	Қарауылкелді ауылы Барақ батыр көшесі бойындағы "Байғанин аудандық Мәдениет үйі" Қазыналық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының алдындағы алаң
2	Жарлы ауылы	Жарлы ауылы Ардагерлер көшесі бойындағы ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң
3	Ноғайты ауылы	Ноғайты ауылы Орталық көшесі бойындағы ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң
4	Ебейті ауылы	Ебейті ауылы Жеңіс көшесі бойындағы ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң
5	Алтай батыр ауылы	Алтай батыр ауылының Бұлақ көшесі бойындағы "Асылтас" дүкенінің ғимараты алдындағы алаң
6	Жарқамыс ауылы	Жарқамыс ауылының Орталық көшесі бойындағы жаңа үлгідегі модельді Жарқамыс ауылдық кітапханасы ғимаратының алдындағы алаң
7	Кемерши ауылы	Кемерши ауылы Орталық көшесі бойындағы "Көркем" сауда дүкенінің ғимараты алдындағы алаң
8	Оймауыт ауылы	Оймауыт ауылы Мәдениет көшесі бойындағы ауылдық Мәдениет үйі ғимаратының алдындағы алаң
9	Миялы ауылы	Миялы ауылы Жем өзені көшесі бойындағы ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК